Қазіргі білім беру саласында дәстүрлі оқыту тәсілдерімен қатар, шығармашылыққа, сыни ойлауға және мәдени білімге бағытталған пәнаралық әдістерді қолдану маңызды рөл атқарады. Мұндай әдістер оқушыларға әдеби шығармаларды талдау арқылы тілдің функционалдық стильдері мен құрылымдарын терең меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда М. Йоханссонның (Johansson, 2021). Швеция мен Францияның білім беру жүйелеріне жасаған салыстырмалы зерттеуі айрықша мәнге ие. Автор оқушының көркем мәтінмен қарым-қатынасын «әдеби әлеуметтік

қалыптастыру» тұжырымдамасы аясында қарастырады. Зерттеушінің ғылыми пайымына сүйенсек, Франциядағыдай қатаң құрылымдалған академиялық талдау мен Швециядағыдай оқушының жеке тәжірибесіне негізделген пәнаралық байланысты ұштастыру – көркем әдебиет стилін меңгертудің ең оңтайлы жолы. Бұл біздің отандық білім беру жүйесіндегі кіріктірілген әдіснамалық және пәнаралық байланыс қағидатымен үндеседі.

Дегенмен, оқушының көркем мәтінді өзіндік пайымдауы мен зерделеуі бүгінгі цифрлық дәуірде тек гуманитарлық талдаумен ғана шектелмей, нақты сандық дәлдікті де қажет етеді. Осы орайда, Л. Ма мен И. Янг (Ma and Yang, 2024) әдеби білім беруді цифрландыру арқылы көркем мәтінді талдаудың нақты жолын ұсынады. Егер Йоханссон мәтіннің мазмұндық және эмоционалды қабаттарына баса назар аударса, Л. Ма мен И. Янг сол қабаттарды TF-IDF алгоритмі мен векторлық модельдер арқылы сандық тұрғыдан айқындаудың жолдарын талдайды. Мұндай сандық әдіс оқушыға автор стилінің тілдік ерекшеліктерін дәл өлшеуге жағдай жасайды. Бұл Йоханссонның тұжырымдамасындағы «мәтіндік бос орындарды» жай болжаммен емес, нақты тілдік фактілермен ашуға септігін тигізеді. Осылайша, көркем әдебиет стилін оқыту дәстүрлі баяндау мен заманауи статистикалық лингвистика әдістерінің тоғысуына айналады. Мұндай сандық және сапалық ұштастыру оқушыларға қазақ прозасындағы, мәселен, тілі көркем М. Әуезов, Ж. Аймауытов, Ә. Нұрпейісов сынды жазушылар шығармаларындағы авторлық стильдің лексикалық байлығын математикалық дәлдікпен тануға көмектеседі.

Жүргізілген талдау жұмыстары айқындағандай, қазіргі білім беру жүйесінде көркем мәтін стилін меңгерту – тек филологиялық талдаумен шектелмейтін, лингвистикалық айқындық пен цифрлық шешімдердің, сондай-ақ тұлғалық эмпатияның тоғысуынан тұратын көпқырлы құбылысқа айналып отыр. Қарастырылған зерттеулердің ауқымы көркем мәтінді талдаудың дәстүрлі шеңберінен шығып, TF-IDF алгоритмі мен векторлық модельдеу (Ma and Yang, 2024), поэтикалық құрылымдарды автоматтандырылған бағалау (Naaz and Singh, 2022) сияқты сандық әдістерге бет бұрғанын айқындайды. Сонымен қатар, Booktuber форматындағы мультимедиялық жобалар (Pardo, 2024) мен постцифрлық стилистика (O'Halloran, 2022) оқушының шығармашылық пайымы мен түсінігінің жаңа деңгейде дамуына кеңінен жол ашады. Зерттеу барысында зерделенген М. Йоханссонның әдеби элеуметтену моделі мен М. Әуезов мұрасы негізіндегі лингвистикалық тұлғаның прагматикалық элеуетін дамыту (Kushkimbayeva et al., 2024) мәселелері өзара сабақтастық тапқан. Бұл тәсіл білім алушының тек сезімдік-интеллектуалдық өсуін ғана емес, сонымен бірге оның ұлттық кодтар мен құндылықтарды қабылдау деңгейін де жаңа сапалық сатыға көтереді. Хелен Свордтың «Writing with Pleasure» қағидатымен үндесетін бұл соны әдіс-тәсілдер жиынтығы әдебиетті оқытудың аксиологиялық және функционалды маңызын аша түспек. Жүргізілген жүйелі шолу нәтижесінде біз Scopus деректер базасындағы

әдістемелік үрдістерді сарапқа сала отырып, көркем мәтін стилін оқытудың оңтайлы пәнаралық әдіснамалық үлгісін ұсынуды көздейміз.

Әдеби шолу

Көркем әдебиет стилін оқытудағы цифрлық және алгоритмдік бетбұрыстар

Бүгінгі ғылыми арнада көркем мәтінді талдаудың дәстүрлі филологиялық әдістері заманауи сандық технологиялармен тығыз ұштасып келеді. Ма және Янгтың (Ma and Yang, 2024) пайымдауынша, цифрлық әдістер оқытудың нақтылығын арттырады. Авторлар өз жұмыстарында әдебиетті меңгертудің «дәлдік жолын» көрсетіп, TF-IDF алгоритмі арқылы жазушы стилін математикалық тұрғыдан есептеуді ұсынды. Осыған ұқсас бағытты ұстанған Янг және оның әріптестері (Yang et al., 2024) француз поэзиясындағы романтизм немесе символизм сияқты күрделі ағымдарды машиналық оқыту (SVM, Doc2Vec) құралдарымен топтастыру әлдеқайда тиімді екенін дәлелдеп берді.

Сонымен қатар, Мельников пен Пивнева (Melnikov and Pivneva, 2016) ұсынған жан-жақты талдау тәсілдері мен Нааз бен Сингх (Naaz and Singh, 2022) әзірлеген поэзияны сандық өлшеу бағдарламалары (Text2Mātrā, RPaGen) әдебиет сабақтарының тек гуманитарлық қана емес, ақпараттық-технологиялық тұрғыдан да дамып жатқанын айқын көрсетеді. Осыған ұқсас пікірді Йоханссон (Johansson, 2021) да өз еңбегінде қолдайды. Оның пайымы бойынша, көркем мәтінмен жұмыс істеуде аналитикалық дәлдік пен оқушының жеке тәжірибесін ұштастыру оқу процесінің сапасын жаңа деңгейге көтереді.

Оқырманның эмоционалдық қабылдауы мен әлеуметтік-мәдени мәнмәтін

Технологиялық дәлдікпен қатар, көркем әдебиет стилін меңгертуде оқушының қандай сезімді бастан өткеруі де маңызды рөл атқарады. Йоханссон (Johansson, 2021) «әдеби әлеуметтену» тұжырымдамасы арқылы оқушының мәтіндегі «бос орындарды» өз өмірлік тәжірибесімен толтыру қажеттілігін алға тартады. Бұл ойды Манген де (Mangen et al., 2018) тереңдете түседі, себебі әдеби стиль мен сезім арасындағы тікелей байланыс оқушыға өте қатты әсер етеді.

Осы бағытта отандық зерттеушілер (Kushkimbayeva et al., 2024) М.Әуезов шығармалары негізінде тілдік тұлғаның прагматикалық әлеуетін арттыру арқылы студенттердің өзін-өзі бағалауын жетілдіруге болатынын дәлелдеп берді. Аталған ізденістер көркем әдебиетті оқытудағы аксиологиялық компоненттің, яғни құндылықтар жүйесінің айрықша маңызды екенін растайды.

Көпқырлы және шығармашылық оқыту стратегиялары

Бүгінгі цифрлық буын үшін әдебиетті меңгертудің жаңа үлгілері біртіндеп аралас мазмұнға ауысуда. Мәселен, Пардо (Pardo, 2024) Booktuber жобасы аясында бейне-шолулар дайындаудың оқуға деген ынта-ықыласқа қалай әсер ететінін зерделесе, О'Халлоран (O'Halloran, 2022) цифрланудан кейінгі

стилистика шеңберінде поэзияны бейнелі-тәпсірлеудің шығармашылық мүмкіндіктерін ашады.

Бұл бағытты Леблан (LeBlanc, 2021) ұсынған мәнгерлеп сөйлеу мен сахналау тәсілдері және Свордтың (Sword et al., 2024) «Writing with Pleasure» (шабытпен жазу) қағидаты толықтыра түседі. Тұжырымдай келгенде, көркем әдебиет стилін оқыту үдерісі - тілдік талдау, цифрлық шығармашылық және сезімдік тебіреністің өзара тоғысқан біртұтас жүйесіне айналуға.

Материалдар және негізгі әдістер


Зерттеу жұмысы Scopus халықаралық библиографиялық деректер базасынан алынған материалдарды жүйелі саралау негізінде дайындалды. Ізденіс жұмысының басты мақсаты – көркем әдебиет стилін оқыту әдістемесіне қатысты жарияланған ғылыми еңбектерді талдау арқылы заманауи білім беру үрдістерін айқындау.

Деректерді жинақтау кезеңінде базаға «көркем әдебиет стилін оқыту» (teaching literary style) мағынасындағы кілт сөздер енгізіліп, бастапқыда 324 құжат анықталды. Зерттеудің хронологиялық шеңбері ретінде 2015-2025 жылдар аралығы тандап алынды, бұл соңғы онжылдықтағы әдістемелік жаңалықтарды толық қамтуға мүмкіндік береді. Алғашқы сүзгілеуден кейін, хронологиялық және тақырыптық сәйкестігіне қарай 156 жазба іріктелді. Олардың ішінде 86 ғылыми мақала, 38 кітап тарауы, 21 шолу мақаласы және 11 конференция материалы бар.

Зерттеу барысында материалдарды іріктеу мен бағалаудың ашықтығын қамтамасыз ету үшін PRISMA (Preferred Reporting Items for Systematic Reviews and Meta-Analyses) стандарты қолданылды. Сұрыптаудың келесі кезеңінде қайталанатын жазбалар мен педагогикалық бағытқа тікелей қатысы жоқ (эмпирикалық негізі әлсіз немесе өзге саладағы) 118 құжат алып тасталып, нәтижесінде 135 бірегей жазба тексеруден өтті. Соңғы іріктеу нәтижесінде зерттеу сұрақтарына (RQ1, RQ2, RQ3) толық жауап бере алатын, мазмұны терең 17 негізгі ғылыми мақала жүйелі талдауға енгізілді. Талданған еңбектер көркем әдебиет стилін оқытудың әлемдік деңгейдегі динамикасы мен әдістемелік құралдарын таразылауға негіз болды.

Кесте 1 — PRISMA (Preferred Reporting Items for Systematic Reviews and Meta-Analyses) стандарты бойынша мақалаларды іріктеу кезеңдері

Деректер базасы мен регистрлер арқылы зерттеулерді анықтау



Ескертпе: Автор PRISMA 2020 халықаралық нұсқаулығы негізінде құрастырған.

Нәтижелер

Зерттеу аясында таңдалған 17 бірегей мақаланы жүйелі талдау барысында қойылған зерттеу сұрақтарына (RQ1, RQ2, RQ3) сәйкес нақты деректер алынды.

RQ1. Көркем әдебиеттің зерттелу ауқымы: географиялық, пәндік және хронологиялық сипаттамасы

Жоғары сынып оқушыларына көркем мәтінді лингвостилистикалық тұрғыдан талдауды меңгерту мәселесі соңғы онжылдықта (2015-2025


жж.) ғылыми ортада ерекше қызығушылық тудырды. Деректерді саралау нәтижесі көрсеткендей, 2015 жылдан бастап бұл саладағы жарияланымдар саны біртіндеп өсіп отырған. Әсіресе, 2023 жылы ғылыми белсенділіктің ең жоғарғы көрсеткіші (28 зерттеу) тіркелді (1-сурет). Бұл үрдіс қазіргі білім беру жүйесінде көркем мәтін арқылы эстетикалық талғам мен мәдени құндылықтарды қалыптастыруға деген сұраныстың артқанын айғақтайды.



Сурет 1 — Көркем әдебиет стилін оқыту бойынша зерттеу жұмыстарының хронологиялық сызбасы

Ескертпе: Автор Scopus деректер базасының статистикалық мәліметтері негізінде құрастырған.

Көркем әдебиет стилін оқыту мәселесі тек филологиямен шектелмей, пәнаралық сипатқа ие болған (2-сурет). Зерттеулердің басым бөлігі өнер және гуманитарлық ғылымдарға (97) және әлеуметтік ғылымдарға (88) тиесілі. Сонымен қатар, есептеу техникасы мен ақпараттық технологиялар саласында (20) мәтінді автоматты өңдеу алгоритмдеріне қатысты ізденістердің пайда болуы әдебиетті оқытудың цифрлану деңгейін көрсетеді.



Сурет 2 – Көркем әдебиет стилін оқыту бойынша зерттеу жұмыстарының пәндік көрсеткіші


Ескертпе: Автор Scopus деректер базасының статистикалық мәліметтері негізінде құрастырған.

олардың сыни және шығармашылық ойлау қабілетін жаңа деңгейге көтеретіні дәлелденді (Pardo, 2024).

Эмоционалды-когнитивтік бағалау: Оқушылардың көркем шығармаға эмоционалдық жауабын өлшеуде *LRQ (Literature Reading Questionnaire)* және *RMET* шкалаларының тиімділігі анықталды. Бұл әдістер білім алушының эмпатиялық қабілеті мен әлеуметтік интеллектін дамытудың педагогикалық тетіктерін ашады.

Этномәдени және прагматикалық парадигма: М.Әуезов шығармаларындағы авторлық тіркестер мен мақал-мәтелдерді «дидактикалық әдебиет» аясында оқытудың маңыздылығы расталды. Прагматикалық тәсіл көркем мәтіндегі этномәдени кодтарды ажырату арқылы оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында анықталған әдіс-тәсілдер кешені көркем әдебиет стилін оқытудың көпқырлы сипатын көрсетеді (Сурет 4).



Сурет 4 – Көркем әдебиет стилін оқыту бойынша зерттеу әдістері мен тәсілдерінің топтастырылуы

Ескертпе: Автор іріктелген 17 ғылыми мақаланы жүйелі талдау негізінде құрастырған.

Тұжырымдай келгенде, классикалық филологиялық талдау мен заманауи инновациялық әдістердің синтезі оқушылардың когнитивтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз етеді. Бұл нәтижелер қазіргі заманғы білім беру талаптарына сай келетін, цифрландыру мен интердисциплинарлық интеграцияны негізге алатын әдебиет оқытудың кешенді үлгісін ұсынуға мүмкіндік береді.

Талқылау

RQ2. Көркем әдебиет стилін оқытуда қандай педагогикалық әдістер мен тәсілдер қолданылған?

Жүйелі шолу барысында іріктелген зерттеулер көркем әдебиет стилін оқытудың екі негізгі методологиялық бағытын айқындады: біріншісі - тілдің нормативтік-эстетикалық құрылымын талдауға негізделсе, екіншісі - стиль мен оқырман эмпатиясының арасындағы когнитивтік байланысты зерделеуге бағытталған. Атап айтқанда, Горина мен оның әріптестері (Gorina et al., 2019) аналитикалық-логикалық әдіс арқылы көркем тілдің эстетикалық мақсатын және функционалдық стильдер арасындағы нормативтік ерекшеліктерді талдаудың маңыздылығын негіздейді. Бұл бағытта терминологиялық контент-талдау мен ғылыми концепцияларды салыстыру арқылы әдеби мәтіннің құрылымдық аспектілерін жүйелеу ұсынылады. Ал Манген мен оның бірлескен авторлары (Mangen et al., 2018) бұл үдерісті тереңдетіп, әдеби стильдің оқырман эмпатиясына әсерін зерттеуге басымдық береді. Авторлар аналитикалық эссе жазу және пікірталас сияқты педагогикалық әдістер арқылы оқушылардың эмоциялық және когнитивтік қатынасын ашуды көздейді. Екі зерттеудің ұқсастығы - көркем мәтінмен жұмыс істеу барысында сыни талдау мен жазбаша рефлексияның маңыздылығын мойындауында. Алайда, олардың айырмашылығы мақсаттық бағытында көрініс табады: егер Горина әдеби тілдің нормативтік-құрылымдық деңгейін зерттеуді бірінші орынға қойса, Манген стильдік ерекшеліктердің оқырманның ішкі сезімі мен эмпатиялық қабілетін дамытудағы рөліне баса назар аударады. Бұл екі тәсілдің тоғысуы білім алушылардың әдеби шығармаға деген қызығушылығын арттырып, олардың шығармашылық әлеуетін жан-жақты жетілдіруге мүмкіндік береді.

Көркем мәтіннің құрылымдық және эмоционалдық аспектілерін осылайша терең зерделеу қажеттілігі оқушының қызығушылығын ояту мен бейнелеуіш құралдарды функционалдық деңгейде меңгерудің жаңа педагогикалық тәсілдеріне жол ашады. Осы орайда Р.Ж.Леблан (LeBlanc, 2021) әдеби шығарма кейіпкерлерінің даусын стильдік тұрғыдан бейімдеп, олардың сөздерін ауызша орындау әдістемесін ұсынады. Бұл тәсіл жоғарыда аталған құрылымдық талдауды тәжірибелік-шығармашылық арнаға бұрып, тілдік бірліктердің (метафора, эпитет, аллитерация, т.б.) эстетикалық әсерін оқушының өз орындауы арқылы сезінуіне мүмкіндік береді. Мұндағы сөйлеу мәнерін имитациялау әдісі автор тілін ерекше бейімдеу арқылы мәтіннің мағыналық және эстетикалық деңгейін арттырып қана қоймай, оқушылардың сыни талдау дағдыларын дамытуға бағытталған.

Бұл бағыттағы ізденістер М. Йоханссонның (Johansson, 2021) аналитикалық және эмоционалдық оқу әдістерін біріктіру туралы тұжырымдарымен тікелей үндеседі. Йоханссон зерттеуі көрсеткендей, мәтінді қабылдау оқушының мәдени мәнмәтініне байланысты өзгеріп отырады, сондықтан әдеби талдауды мазмұндық (оқиғалар желісі), экстремәтіндік (жеке өмір тәжірибесі) және әдеби (стиль мен құрылым) арналар деңгейінде кешенді жүргізу маңызды.

Осы орайда жазбаша рефлексияның рөлі де ерекше атап өтіледі. Х.Сворд пен оның әріптестері (Sword et al., 2024) «Writing with Pleasure» тұжырымдамасы аясында жазу процесін шығармашылық ойлауды дамытудың негізгі құралы ретінде қарастырады. Жазу барысында оқушылар әртүрлі стильдерді зерттеп, өзіндік авторлық көзқарас қалыптастырады.

Тұжырымдай келгенде, Леблан, Йоханссон және Сворд ұсынған әдістемелер көркем әдебиетті оқытудың тек түсіну мен анализ жасау емес, сонымен қатар оқушының жеке тәжірибесі мен шығармашылық әлеуетін байытуды көздейтін біртұтас жүйесін қалыптастырады. Бұл тәсілдер оқушыларды мәтінді жан-жақты талдауға, оның мазмұнын терең түсінуге және шығармамен эмоционалдық-когнитивтік деңгейде берік байланыс орнатуға бағыттайды.

Білім алушының шығармашылық әлеуетін байыту үдерісінде көркем әдебиет стилінің прагматикалық қызметін зерделеу басты бағыттардың біріне айналуы тиіс. Прагматикалық қызмет көркем мәтіндегі көріктеуіш-бейнелі бірліктерді айтылмақ ойды оқырманға әсерлі әрі нақты жеткізу мақсатында жүйелі қолдануды көздейді (Kushkimbayeva et al., 2024; Naixia, 2019). Осы тұрғыда М.Әуезовтың классикалық мұрасын оқыту арқылы білім алушының тілдік тұлғасын дамыту мен сөз қолдану мәдениетін жетілдірудің маңызы зор. А.Құшқымбаева мен оның әріптестері (Kushkimbayeva et al., 2024) атап өткендей, Әуезов прозасындағы инверсиялық оралымдар, риторикалық құрылымдар мен авторлық ерекше тіркестерді талдау оқушылардың тілдік және стилистикалық сезімталдығын арттыруға тікелей ықпал етеді.

Ұлттық прозадағы бұл үрдіс қытайлық жазушы Ян Шуоның (Naixia, 2019) стилистикалық ізденістерімен де үндеседі. Ян Шуоның тіліндегі метафоралық бейнелер мен нышандар тек эстетикалық нысан емес, әлеуметтік және мәдени мәнмәтінді ашушы құрал ретінде қарастырылады. Мәселен, автордың табиғат көріністерін суреттеуі символикалық қабаттар арқылы сол кезеңдегі қоғамдық ахуалды тануға мүмкіндік береді. Отандық және шетелдік зерттеушілердің бұл тұжырымдары белгілі бір автордың стильдік қолтаңбасын (фразеологизмдер, метафоралар, синтаксистік ерекшеліктер) саралау арқылы оқушының мәтін астарына терең бойлау дағдыларын қалыптастыруға болатынын дәлелдейді.

Зерттеу барысында анықталғандай, көркем шығарманың когнитивтік әсері білім алушыға кейіпкерлер мен оқиғаларды психологиялық деңгейде түсінуге жол ашады. Қарастырылған еңбектерде нақты педагогикалық әдістер тізіп көрсетілмегенімен, авторлық көріктеуіш құралдарды талдаудың тілдік дағдыларды арттырудағы рөлі айқындалған. Бұл тәсіл оқушыны жай ғана ақпарат алушы деңгейінен шығарып, мәтіннің прагматикалық нысанасын ұғынатын, стилистикалық мәдениеті жоғары тілдік тұлға ретінде қалыптастыруға бағыттайды.

Көркем мәтіннің прагматикалық деңгейін зерделеумен қатар, қазіргі ғылыми парадигмада әдеби шығармаларды талдаудың автоматтандырылған IT-құралдары мен математикалық модельдері ерекше маңызға ие болуда (Ma

and Yang, 2024; Yang et al., 2024; Naaz and Singh, 2022; Melnikov and Pivneva, 2016). Бұл тәсілдер әдебиеттану саласындағы білімді жүйелі жинақтап қана қоймай, білім беру үдерісін цифрлық трансформациялау арқылы оқытуды жеңілдетуді көздейді. Мәселен, жапон әдебиетінің тілін терең ұғыну мақсатында мәтіннің лексикалық, синтаксистік және фонологиялық қабаттарын лингвистикалық тұрғыдан саралау тиімді әдіс ретінде негізделген (Ma and Yang, 2024). Бұл бағытта жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану оқушыларға шығармашылық тілдің құрылымын объективті түрде түсінуге жол ашады.

Стильдік ерекшеліктерді айқындауда TF-IDF (Term Frequency-Inverse Document Frequency) алгоритмі мен SVM (Support Vector Machine) классификаторының қолданылуы әдебиетті оқыту әдістемесіне жаңа серпін берді. Л.Ян және оның әріптестері (Yang et al., 2024) бұл технологияларды поэзия стиліне тән заңдылықтарды автоматты түрде анықтау үшін қолдана отырып, жазушы қолтаңбасын лексикалық деңгейде талдаудың дәлдігін арттырды. Мұндай цифрлық модельдер білім алушыларға мәтіннің стильдік аспектілерін сандық мәліметтер негізінде жүйелі саралауға мүмкіндік беретін таптырмас құрал болып табылады.

Бұл бағыттағы жаңа ізденістер К. Нааз бен Н.К. Сингхтің (Naaz and Singh, 2022) зерттеулерінде де көрініс тапқан. Олар поэзияның ритмі, метрикасы мен аллитерациясы сияқты эстетикалық элементтерін автоматтандырылған түрде бағалауға арналған *Text2Matr*, *RPaGen* және *FoSCal* сынды арнайы есептеуіш құралдарын ұсынады. Мұндай тәсілдер қазіргі әдебиеттану мен тіл білімі саласында сөз өнерінің ырғақтық құрылымын математикалық нақтылықпен сипаттауға жағдай жасайды. Осы сабақтастықта Б.Мельников пен С.Пивнева (Melnikov and Pivneva, 2016) ұсынған π -подкласстар теориясы грамматикалық құрылымдарды математикалық тұрғыдан дәл анықтаудың методологиялық негізі ретінде қарастырылады. Табиғи тілдерді өңдеуге арналған мұндай формальды модельдер әдеби стильді танудың дәстүрлі тәсілдерінен тыс, жаңа аналитикалық мүмкіндіктерді қалыптастырады.

Оқушылар үшін әдеби шығарманы біркелкі мазмұндау оқу белсенділігін, жалпы оқуға деген қызығушылықты төмендететін фактор екенін ескерсек, цифрлық платформалар мен аралас форматты мазмұнның маңызы арта түседі. Б.С. Пардо (Pardo, 2024) мен К.О'Халлоранның (O'Halloran, 2022) зерттеулері көрсеткендей, *YouTube* және *Booktuber* жобалары оқушылардың сандық сауаттылығын дамытып, оларды шығармашылық ортада жұмыс істеуге ынталандырады. Бұл әдісте оқушылар әдеби туындыны жай ғана талдап қоймай, оны бейнемазмұн форматында ұсына отырып, өздерінің көркемдік бейнелеу, пайымдауы дағдысын қалыптастырады. Мәселен, О'Халлоран поэзияның стильдік ерекшеліктерін (метафора, контраст) кинематографиялық тәсілдермен ұштастыру арқылы оқушылардың жасампаз ойлау мен шығармашылық ізденіс қабілетін арттыруды ұсынады. Мұндай көпқырлы ерекше тәсілдер жазбаша және ауызша тіл дағдыларын қатар дамытуға мүмкіндік береді.

Көркем әдебиеттің педагогикалық әлеуеті тіл үйрету үдерісінде де (L2/FL) ерекше көрініс табады. Я.А. Тихомирова (Tikhomirova, 2024) және О.А.Гордиенко (Gordienko et al., 2017) сынды зерттеушілер көркем шығарманы тілдік құрылымдарды меңгерудің шынайы құралы ретінде қарастырады. Алайда, әдеби мәтіндердегі қиял элементтері мен күрделі стильдік фигуралар тіл үйренушілер үшін белгілі бір кедергілер тудыруы мүмкін. Осы мәселені шешуде CLIL (Content and Language Integrated Learning) және Flipped Classroom (Төңкерілген сынып) әдістерінің тиімділігі жоғары екені дәлелденді. Бұл методологиялар оқушыларға материалды дербес зерттеуге, содан кейін сынып форматында дебаттар мен рөлдік ойындар арқылы терең талқылауға мүмкіндік береді.

Тіл үйретудің аксиологиялық аспектілері де зерттеушілер назарынан тыс қалмаған. Әдеби шығармалар арқылы мәдени және тарихи, ұлттық құндылықтарды дарыту оқушылардың сыни ойлау дағдыларын жетілдіру - қазіргі білім беру жүйесінің басты талаптарының бірі. Мәтін құрылымындағы метафоралар мен символдарды талдау оқушыларға тілді тек грамматикалық деңгейде емес, терең мәдени мәнмәтінде игеруге көмектеседі. Осылайша, көркем әдебиет арқылы тіл үйрету - бұл тек сөздік қорды байыту емес, адам табиғаты мен әлеуметтік қатынастар туралы түсінікті кеңейтетін танымдық даму үдерісі болып табылады.

Көркем әдебиет стилін игерту тек академиялық ортамен шектелмей, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытатын сыныптан тыс әдістермен де толығырақ түсуі қажет (Nesterova, 2023; Rahman, 2016). Тілдік ресурстарды, соның ішінде метафоралар мен фразеологиялық оралымдарды саралау - оқушылардың көркемдік сезімталдығын қалыптастырудың негізгі құралы. Бұл тұрғыда телевизиялық танымдық бағдарламалардың білім берудегі рөлі ерекше. Н.Г. Нестерова (Nesterova, 2023) атап өткендей, «Білім беру бағдарламасы» секілді медиа-жобалар көрерменнің танымдық белсенділігін арттырып, оның зияткерлік әлеуетінің артуына ықпал етеді. Білім беру үдерісі мен медиа кеңістіктің ұштасуы оқушыларға тілдік бірліктердің айшықтық қасиеттерін тереңірек тануға жағдай жасайды.

Сонымен қатар, халық ауыз әдебиетінің үлгілері, атап айтқанда мақал-мәтелдер - көркемдік стиль мен этикалық құндылықтарды ұштастырудың тиімді педагогикалық тәсілі. Мақал-мәтелдерді танымдық ойындар арқылы оқыту оқушылардың сыни пайымдау қабілетін шыңдайды (Rahman, 2016). Мақал-мәтелдердегі метафоралық бейнелерді талдау арқылы білім алушылар қоғамдағы моральдық қағидаларды терең ұғынып, пікір алмасу, ашық сұқбат және топтық жұмыс барысында өз ойларын еркін жеткізуге дағдыланады. Зерттеушілер ұсынған шығармашылық тапсырмалар (сурет салу, өлең шығару, әңгіме құрастыру) мақал-мәтелдердің көркемдік табиғатын сезінуге бағытталған.

Қарастырылған екі зерттеудің де ортақ түйіні - танымдық бағдарламалар мен дидактикалық ойындар сияқты бейресми білім беру тәсілдері

оқушылардың тілдік, коммуникациялық және шығармашылық дағдыларын кешенді дамытуға мүмкіндік беретіндігінде.

RQ3. Көркем әдебиет стилін оқытуға байланысты қандай теориялармен, модельдермен және методологиямен жұмыс жасалды?

Жазушының тілдік және стильдік қолтаңбасын зерделеу қазіргі ғылыми бағытта пәнаралық тәсілдерді қолдануды талап етеді. Зерттеу барысында іріктелген еңбектерде шығармашылық жазу теориясы, когнитивтік және конструктивтік оқыту әдістері, сондай-ақ метакогнитивтік стратегиялар негізгі методологиялық база ретінде қарастырылған (Gorina I.I. et al., 2019); (Mangen et al., 2018); (LeBlanc, 2021); (Johansson, 2021); (Sword et al., 2024). Бұл тәсілдер әлеуметтану, философия және логика ғылымдарының тоғысуында оқушының сыни пайымдауын қалыптастырып, мәтін құрылымы мен стильдік құралдарды жүйелі қолдануына тікелей ықпал етеді. Әдеби тәпсірлеуді (интерпретация) тереңдету құралы ретінде «мета-пікір» және кейіпкерлер үшін стильдік тұрғыдан бейімдеу әдістері оқушы бойындағы жасампаздық әлеуетті белсендіруге бағытталған.

Эмоционалды-когнитивтік бағалау модельдері әдеби тілдің функционалдық стильдер жүйесіндегі орнын анықтауда зерттеушілер тілдік құралдардың лингвистикалық және экстралингвистикалық аспектілерін бағалаудың кешенді модельдерін ұсынады (Gorina I.I. et al., 2019; Mangen et al., 2018). Оқушының кейіпкерлерді қаншалықты сезіне алатынын және оның эмоционалдық деңгейін білу үшін мынадай үш тәсілді қолданылды: 1. LRQ (Literature Reading Questionnaire) сауалнамасы: Әдеби шығарманы қабылдау үдерісі мен оның оқырманның жеке тұлғалық қасиеттеріне әсерін өлшеуге бағытталған (Mangen et al., 2018). Сауалнама нәтижелері оқудың әлеуметтік-эмоционалдық дамудағы рөлін және туындаған көңіл-күй көріністерінің табиғатын ашуға мүмкіндік береді.

2. RMET (Reading the Mind in the Eyes Test) тесті: Психологиялық диагностика негізінде оқушының кейіпкерлердің ішкі дүниесі мен психологиялық күйін түсіну қабілетін анықтайды (Mangen et al., 2018). Бұл тест әдеби мәтіндегі жасырын мәндер мен кейіпкерлердің сезімдерін ұғыну деңгейін нақтылайды.

3. Пост-Процесс шкаласы: Әдеби талқылау мен оқу үдерісінен кейін білім алушының эмоционалды-когнитивтік жағдайындағы өзгерістерді рефлексиялық бағалауға арналған (Johansson, 2021; Mangen et al., 2018). Шкала оқыған шығарманың жеке өмірге және моральдық құндылықтарға әсерін өлшеу арқылы оқушының танымдық дамуын айқындайды.

Осылайша, қарастырылған теориялар мен модельдер көркем әдебиет стилін оқытуды жай ғана мәтіндік талдау емес, оқушының әлеуметтік-психологиялық және танымдық дамуын қамтамасыз ететін жүйелі процесс ретінде негіздейді.

Көркем әдебиет стилін талдаудың бүгінгі деңгейі тек мәтінді оқумен шектелмейді. Мәселен, TF-IDF алгоритмі мен Doc2Vec, SVM сияқты

статистикалық модельдер мәтінді сандар мен векторлар арқылы сөйлетуге мүмкіндік береді (Ma and Yang, 2024; Yang et al., 2024). Бұл технологиялар стильді үш деңгейде (тыныс белгісі, сөз және сөйлем) саралап, автордың өзіне ғана тән жазу мәнерін нақты дәлелдейді. Сонымен қатар, Text2Mātrā мен π -подкласстар теориясы секілді күрделі құрылымдық тәсілдер поэзияның ырғағы мен грамматикасын математикалық дәлдікпен сипаттай алады (Naaz and Singh, 2022); (Melnikov and Pivneva, 2016). Бұл әдістер әдебиеттануға объективтілік әкелгенімен, әрқайсысының өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар екенін түсіну маңызды.

Қазіргі мектеп қабырғасында конструктивистік оқыту мен құзыреттілікке бағытталған тәсілдер ерекше орын алады. Мұнда оқушы тек тыңдаушы емес, белсенді жасаушы рөлінде болады. Мысалы, Booktuber жобасы барысында оқушылар сценарий жазып, видео монтаждау арқылы цифрлық дағдыларын шындайды (Pardo, 2024); (O'Halloran, 2022). Бұл әдіс оқушыларды топпен жұмыс істеуге, өз ойын ашық айтуға үйретеді. Мұндай практикалық жұмыстар әдебиет сабағын қызықты етіп қана қоймай, тілдік дағдыларды да табиғи түрде дамытады.

Тіл үйретудегі тағы бір тиімді бағыт - прагматикалық және лингвомәдени талдау. М.Әуезов пен Ян Шуо шығармалары арқылы оқушылар сөздің әсерлілігін, диалогтардың құрылымын және әдебиеттің қоғаммен байланысын тереңірек түсіне бастайды (Kushkimbayeva et al., 2024; Haixia, 2019). Ал CLIL (пән мен тілді кіріктіріп оқыту) және Flipped Classroom (төңкерілген сынып) әдістері шетел тілін әдебиет арқылы меңгерудің ең оңтайлы жолы екенін көрсетті (Tikhomirova, 2024; Gordienko et al., 2017). Бұл модельдер оқушының тек тілін дамытып қоймай, оның мәдени және зияткерлік деңгейін де жаңа сатыға көтереді.

Оқытудың тағы бір маңызды саласы - сыныптан тыс жұмыстар мен медиа-ресурстар. Танымдық телевизиялық бағдарламалар мен мақал-мәтелдерге негізделген ойындар оқушының әдебиетке деген ынтасын оятады (Nesterova, 2023; Rahman, 2016). Мұнда «дидактикалық әдебиет» ұғымы алға шығып, мақал-мәтелдердегі метафоралар арқылы оқушының адамгершілік құндылықтары мен этикалық талғамы қалыптасады. Сонымен, барлық қарастырылған теориялар мен IT-құралдар бір мақсатқа - әдебиетті заманауи, түсінікті әрі терең мағыналы етіп оқытуға қызмет етеді.

Осы мүмкіндіктерді пайдалана отырып, жазушы тезаурусын құрудың алгоритмін ұсынып көрелік. Жазушы тезаурусының мазмұны белгілі бір қаламгердің жеке сөздік қорын, стильдік-тілдік ерекшеліктерін, поэтикалық немесе прозалық лексикасын жүйелеп, арнайы сөздік түрінде ұсынатын түсіндірмелі құрылымнан тұрады. Осыған орай тезаурус құрылымы да өзгеріп отырады. Дегенмен жазушы тезаурусына ортақ құрылымын былайша рәсімдедік:

1. ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚҰРАМ (АВТОРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫ). Бұл бөлікте жазушының жиі қолданылатын сөздері, негізгі лексикалық ядросы, авторлық

қолданыстар жинақталады және әртүрлі лексикалық қабаттарға іріктелген сөз түсіндірмелері беріледі, яғни көне сөз, кірме сөз, тарихи сөз, діни сөз, жаңа сөз, этномәдени атау, т.б. Тіпті бір шығарманың бойындағы синонимдік қатар, жергілікті тіл ерекшеліктері де жинақталады. Бұл үлкен, ауқымы кең шығармаларға тән құрылымда жүзеге асады.

2. СИНТАКСИСТІК СТИЛЬ ТЕЗАУРУСЫ. Жазушының сөйлем құрылымдарындағы ерекшелікті айқындауға бағытталады. Қысқа динамикалық сөйлемдер, ұзақ, компонентті сөйлемдер, авторға тән синтаксистік модельдер, инверсиялар (әсерлілік үшін орын тәртібін өзгерту), қайталау тәсілдері (лексикалық қайталау, синтаксистік параллелизм, анафора, эпифора). Тезаурус құрылымының бұл түрі көп жағдайда роман-эпопея, роман-диалогия шығармаларында орындалады. Жазушының сөзсаптамын анықтау үшін қолданылады. Мәселен, С.Сейфуллиннің шығармаларында лексикалық қайталау басым, ал Әбіш Кекілбайұлында авторға тән синтаксистік модельдер көп. Бұл модельдерді тезауруста айқындап көрсетіп берсек, оны зерттеу жеңілдеу болады.

3. КӨРІКТЕУІШ ҚҰРАЛДАР ТЕЗАУРУСЫ. Жазушының әдеби-стильдік қолтаңбасын анықтайтын негізгі блок. Бұл құрылымда метафора, теңеу, эпитет, метонимия, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтел және автордың нақыл сөздерді тізбеленеді. Соның ішінде метафоралар өз ішінде (Табиғат → сезім; Адам → зат, ғалам; Кеңістік → ішкі күй, т.б.) бірнеше тақырыптық топтарға іріктеледі. Сондай-ақ ең жиі кездесетін метафоралық модельдер де бөлек топтастырылады. Эпитеттер де солай бірнеше топтарға бөлініп берілсе болады. Себебі тезаурус бұл семантикалық, тақырыптық, қызметтік топтарға өз ішінде іріктелуін көрсететін кең көлемді сөздік. Мәселен, эпитеттерді түстік эпитеттер (қара, ақ, сұр, жасыл...), эмоционалдық эпитеттер (толқулы, мұңлы, ауыр...), тұрақты авторлық эпитеттер, т.б. деп ажыратуға болады.

4. СТИЛЬДІК ҚОЛТАҢБА (АРНАЙЫ БӨЛІМ). Автордың даралығын айқындайтын белгілер, яғни авторлық қолданыстағы сөздер мен тіркестер, портреттер мен пейзаждар, үй немесе дала интерьерін суреттеуі, адамның мінезі мен жан-жануар мінезін суреттеуі, әрбір жануардың сипатын бейнелеуі, т.б. тілдік бейне жасау тәсілдері, табиғат пен адамды бейнелеу ерекшелігі тізбеленеді. Бұл бөлікте тұтас мәтіндер ұсынылуы мүмкін. Тіпті ерекше әсер ететін диалог пен монолог стилі, поэтикалық ырғақ, әуезділік пен айрықша суреттеу құбылыстары осы тараушаға тіркеледі.

5. КОНЦЕПТІЛЕР ЖҮЙЕСІ. Бұл бөлім жазушы әлемінің мағыналық өзегін анықтайды. Мысалы: жүрек, өмір, өлім, жол, тау, адам, уақыт, түн, күн, үміт, мұң концептілерінің тілдік көрінісі тізбеленеді. Әр концепт үшін мағыналық анықтама, оның қолданылу өрісі, авторлық мәнмәтіндегі рөлі, семантикалық өрістер, бір концептке байланысты сөздердің тұтас тобы, қосымша мағыналар, ассоциациялар, олардың көркемдік мазмұны талданып беріледі.

Міржақып Дулатұлы «Бақытсыз Жамал» романының тезаурусының үлгісі:

Антропонимдік кеңістік

Кейіпкерлер көркем шығармадағы реттілігімен тізбектеледі.

Көтібай. Ауылдың адамы.

Хасен. Сәрсенбайдың досы.

Сәрсенбай. 42 жастағы бай шаруа, Жамалдың әкесі, момын, қорқақ, би болуға құмар.

Қалампыр. Сәрсенбайдың бірінші әйелі, бәйбішесі, бала көтермеген әйел.

Шолпан. Жамалдың анасы, молданың қызы, оқыған, мейірімді, қызының қамын ойлайтын ана.

Жамал. 15-17 жастағы сұлу қыз, Сәрсенбайдың қызы, оқымысты, ақылды, өлең шығаратын, Ғалиды сүйген, бірақ Жұманға күштеп ұзатылған.

Ғазиз. Ауыл балаларын оқытатын молда.

Нүрпейіс. Сол ауылдың биі.

Байжан Құрман ауылының ауқатты байы, Жұманның әкесі.

Жұман. Он жеті жастағы жас жігіт, ақылсыз, білімсіз.

Авторлық сөзқолданыс

Астас Дәмдес, тұздас.

Малдың кірі. Мал баққан ақысы.

Кемпір-мемпір құлап қалса. Қыз-қырқын гашық болып қалса.

Өз талайыңнан. Өз тағдырың біледі, өз қалауың.

Қызды қырғызға да береді. Мәтел. Қызға кім сөз айтпайды, қымызды кім ішпейді мағынасында.

Эпитеттер

Халал жұп. Бірін бірі ұнатқан қос гашық.

Тәтті сөз. Көңілге жағымды, жанға жайлы сөздер, қызықтырып, еліктіретін сөздер.

Тілді бозбалалар. Сөзшең, сөзге шебер, ақынжанды балалар.

Шамшырақ сөнген заман. Әділетсіз, қараңғы заман.

Тамыршы дәрігер. Тамыр ұстап емдейтін емші.

Метафоралар

Шаруаға жеңіл болу. Тіршілікке қолайлы болу.

Бие ішті болу. Буаз болу, биенің бойына төл біту.

Қанды қақпан. Тіс қаққан, пайдакүнем, пысық.

Қара кісі. Кедей, төменгі тап өкілі.

Кісілікке алу. Адам қатарына алу, адам ретінде қабылдау.

Осылайша көркем шығарманың тезаурусымен оқу сауаттылығын аттыруға көркем мәтінге лингвостилистикалық талдау жасау әдістерін түрлендіруге болады. Ендігі кезекте мәтіннің мазмұнын түсінуге бағытталған әдеби талдау үлгілерін ұсынамыз. Негізгі зерттеу нысанымыз – «Жерқұла атты Кендебай» ертегісі.

Тезаурусы:

Ерте-ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде – қазақ ертегілерінің сөз басы. Ерте-ерте ертеде – оқиғаның қай кезде болғаны белгісіз, әйтеуір бір заманда деген мағынаны білдірсе, ешкі құйрығы келтеде – мал баққан заманда, бейбіт кезеңде дегенді білдіреді.

Шекесі торсықтай – ұл баланы сипаттау үшін қолданылатын теңеу, ер баланың маңдайы торсықтың пішіні секілді, яғни қошқар мүйіз сияқты томпиған болса шекесі торсықтай деп атайды.

Төбесі көкке жету – қатты қуану, өмірінде ерекше қуанышты болу.

Шыңырау құдық – өте терең құдық.

Құз – тік шатқал, биік жартас, таудың биік жері

Көкжал бөрі – қасқыр.

Атан – ең ірі түйе. Қазақ көшкенде атанға жүк артатын болған.

Құралай – киіктің лағы. Құралай – жазық дала мекендейтін жабайы аң, өте сезімтал, жылдам жүгіретін аңдардың бірі. Қазақта садақпен дәл тигізетін мергендерді “Құралайдың көзінен тигізген” деп атайды.

Мая-мая – үйілген, тау-тау болған.

Буаз – туайын деп жүрген мал, құрсағында төлі бар мал.

Арыстай – үлкен, ірі, алпауыттай.

Кез – 50 см-ге тең ұзындық өлшемі. Алты кез ат – ұзындығы 300 см, яғни 3 метрге тең ірі ат.

Керқұла – кер және құла сөздерінің бірігуінен жасалған сөз. Кер – жылқының ірілігін әрі ұрғашы емес еркегі екенін білдіреді, құла – басы мен денесі жылтыр сары, арқасынан құйрығына дейін қара жолақты жылқы.

I Мәтінді түсінуге арналған тапсырмалар (фактологиялық сұрақтар)

№	Сұрақ	А	Ә	Б
1	Қазанғап қалай өмір сүрген?	Бай	Орташа	Кедей
2	Қазанғап қайда өмір сүрген?	Хантәңірі тауында	Жетісу маңында	Қаратаудың ойында, Қарасудың бойында
3	Қазанғап қалай күн көрген?	Мал баққан	Егін еккен	Құс атып, балық аулаған
4	Қазанғаптың әйелі кімді дүниеге әкелді?	Шекесі торсықтай ұл	Кесте тігер қыз	Егіз босанды
5	Баласының атын кім деп қойды?	Қабанбай	Кендебай	Кенжетай
6	Баласы қанша жылда алып жігіт болды?	Бес жылда	Төрт жылда	Алты жылда
7	Кендебай құлынды қалай құтқарады	Өлгелі жатқан биенің қарнын жарып, құлынын суырып алады	Хан сарайынан алып келеді	Жабайы аңдардан құтқарады
8	Құлын қалай өседі?	Айлап емес, сағаттап өседі	Қара жорға болып өседі	Алты айдың ішінде алты кез ат болып өседі
9	Құлынға қандай ат қояды?	Жарқұлақ	Керқұла	Тайбурыл

II. Кейіпкерлермен жұмыс. Сәйкестігін “+” белгісімен анықтайды.

Кейіпкер Белгілері	Кендебай	Қойшы бала	Тасқара	Мергенбай	Керкұла
Кедей					
Батыр					
Бай					
Сиқырлы жануар					

III. Мәтіндегі шындыққа жанаспайтын ертегі оқиғаларын табыңыз. Дұрысы “+” белгілеңіз.

№	оқиға	Өмірдегі ақиқат	Ертегі сиқыры
1	Мал бағып жүре береді		
2	Өзеннің суы екіге айырылып, ортадан жол ашылады		
3	Бие құлындайды		
4	Бұлтпен араласқан үлкен дәу құлынды алып кетеді		
5	Алтын құйрықты, құндыз жүнді арғымақ құлын туады		
6	Екі бала қорылдап ұйықтап қалады		
7	Құйрықты қойнынан суырып алғанда, үйдің іші жап-жарық болып кетеді		
8	Ұялып жерге қарау		
9	Керкұланың қылын тұтатқан кезде ат жетіп келеді		
10	Бұларға көрінбей биені мен де күзеттім		
11	Керкұланың қылын тұтатқан кезде ат жетіп келеді		
12	Үлкен тау көрінді		
13	Тау теңселіп, қозғалып оған қарай жақындап келеді.		
14	Алмас қылыш арыстанды екі бөліп, Кендебайды ар жағына бір-ақ түсіреді.		

IV. Мына суреттер ертегідегі кейіпкерлерді сипаттайды. Кейіпкердің атын тауып жазындар.**V. Мәтін идеясын талдау тапсырмалары (Фрейминг)**

1. Кендебайдың орнында болсаң сиырларды өзеннің арғы бетіне қалай өткізер едің?

Әлде Кендебайдың әрекеті дұрыс па?

2. Ханның балалары түні бойы биені күзете алмай ұйықтап қалғаны кешірімді ме?

Әлде әкесінің тапсырмасына жауапсыз қарағаны ма? Ұйқыны бұзған денсаулыққа зиян ба?

3. Алтын құйрықты құлын туылғанда Кендебай хан балаларын неге оятпады? Сен оятар ма едің?

4. Адам мақсатына жету үшін Кендебайдың алдынан шыққан қиындықтарды жеңу керек пе? Жетістікке жету қиындықпен келе ме?

5. Кендебай қандай ерлігімен, қандай мінезімен танылды? “Кендебай батыр” ауылы деп атауға лайықты ма? Түсіндіріп берші.

Қорытынды

Көркем әдебиет стилін меңгертуде жазушы тезаурусын құрастыру және оқу сауаттылығына қатысты фактологиялық, аналитикалық, фреймингтік сауалнамаларды құрастыру ең тиімді тәсілдер болып саналады. Жоғары сынып оқушыларына көркем мәтінді лингвостилистикалық тұрғыдан талдауды үйрету мәселесі бүгінгі әдістеме ғылымында зерттеу материалдарының аздығымен ерекшеленеді. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында жүргізілген бұл зерттеу оқушының стильдік ерекшеліктерді тану қабілетін арттыру арқылы оның жасампаздық әлеуетін оятуды көздейді. PRISMA әдістемесіне негізделген бұл жүйелі шолу Scopus деректер базасындағы заманауи ғылыми еңбектерді саралай келе, көркем әдебиет стилін оқытудың кешенді әдіс-тәсілдерін айқындап берді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, көркем мәтіндегі бейнелеуіш құралдарды талдау оқушының ассоциативті ойлауын, шығармашылық қиялын және ақиқат дүниені пайымдау қасиетін жаңа сатыға көтереді.

Көркем әдебиет стилін меңгерту - оқушылардың тілдік дағдыларын дамытудың, сыни пайымдау қабілетін ұштаудың және мәдениетаралық түсінігін кеңейтудің ең тиімді жолы. CLIL және Flipped Classroom секілді коммуникативтік бағыттағы инновациялық әдістер тіл мен қарым-қатынас негіздерін терең түсінуге, оқу үдерісін сапалық жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік береді. Мәтін құрылымы мен авторлық метафораларды тәпсірлеу барысында оқушылардың стилистикалық түйсігі қалыптасып, олардың мәдени және танымдық тұрғыдан ілгерілеуіне жағдай жасалады. Сонымен қатар, танымдық телевизиялық бағдарламалар мен дидактикалық ойындар сияқты интерактивті тәсілдер, аналитикалық жазба жұмыстары мен арт-терапия элементтері әдебиетке деген шынайы ынтаны оятып, теориялық білімді практикалық шеберлікпен ұштастыруға жол ашады.

Тұжырымдай келгенде, қарастырылған теориялар мен модельдер оқушының тілдік тұлғасын жан-жақты жетілдіретін маңызды құралдар болып табылады. Зерттеу барысында анықталғандай, Scopus деректер базасында Қазақстан контекстіне қатысты тек 2 ғана еңбектің кездесуі бұл тақырыптың

отандық ғылым үшін аса өзекті екенін және әлі де терең зерттеуді қажет ететінін дәлелдейді. Алдағы уақытта осы халықаралық тәжірибелерді негізге ала отырып, қазақстандық мектеп оқушыларының лингвостилистикалық құзыреттілігін дамыту бойынша нақты тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүргізу біздің негізгі ғылыми жоспарымыздың өзегі болмақ.

Авторлар бұл мақаланы дайындау барысында мәтінді стилистикалық түзету, ағылшын тіліндегі аннотацияны және әдебиеттер тізімін халықаралық стандарттарға сай рәсімдеу, сондай-ақ PRISMA кестесіндегі деректерді жүйелеу мақсатында жасанды интеллект құралдарын (Gemini) пайдаланды.

References

Gordienko O.A., Zinkovskaya V.E., Ryzhenko Y.A., Rybalchenko O.V., and Kholodionova S.I. (2017) Axiological Components in Teaching Students from the CIS States the Russian Language in Non-Philological Universities (in Eng.)

Gorina I.I., Gorobets L.N., Nikulnikova Ya.S., Kozlova G.A., and Tanasova T.G. (2019) NORMATIVE ORIENTATION OF THE LANGUAGE OF FICTION: LINGUISTIC-AESTHETIC ASPECT (in Eng.)

Haixia L. (2019) One way to produce beauty and poetry: My experiences in teaching Yang Shuo's prose. 2019. (in Eng.)

Johansson M. (2021) A comparative study of Swedish and French upper secondary school students' reception of a narrative text and the paradox of literature education (in Eng.)

Kushkimbayeva A., Tymbolova A., Yessenova K., Sultaniyazova I., and Remetov M. (2024) Increasing Students' Self-Esteem Based on the Pragmatic Level of Linguistic Personality (in Eng.)

LeBlanc R.J. (2021) "I've got to do this in a Southern": Stylized spoken literary quotation in the ELA classroom (in Eng.)

Ma L., and Yang Y. (2024) An Exploration of the Precision Path of Integrating Artificial Intelligence Technology into Japanese Literature Education (in Eng.)

Mangen A., Begnum A.C., Kuzmičová A., Nilsson K., and Steenberg M. (2018) Empathy and literary style A theoretical and methodological exploration (in Eng.)

Melnikov B., and Pivneva S. (2016) ON THE MULTIPLE-ASPECT APPROACH TO THE POSSIBLE TECHNIQUE FOR DETERMINATION OF THE AUTHOR'S LITERARY STYLE (in Eng.)

Naaz K., and Singh N.K. (2022) Design and Development of Computational Tools for Analyzing Elements of Hindi Poetry (in Eng.)

Nesterova N.G. (2023) Communicative and pragmatic originality, and linguistic and stylistic resources of the television educational program (on the example of the project "Transfer of knowledge") (in Eng.)

O'Halloran K. (2022) Postdigital stylistics: Creative multimodal interpretation of poetry and internet mashups. 2022.

Pardo B.S. (2024) 'Booktuber: Promoting reading and literacy in the classroom among Spanish pre-service teachers through a video review (in Eng.)

Rahman S.H.A. (2016) The Study of Proverbs as A Way to Enhance Ethical Values in Artwork. 2016. (in Eng.)

Sword H., Rudolph J., Ismail F., Tan S., and Stafford V. (2024) The oxymoronic pursuit of pleasurable academic writing. An interview with Helen Sword (in Eng.)

Tikhomirova Y.A. (2024) TEACHING ENGLISH THROUGH CONTEMPORARY BRITISH LITERATURE AND CLIL: AN INTEGRATIVE APPROACH (in Eng.)

Yang L., Wang G., and Wang H. (2024) Reimagining Literary Analysis: Utilizing Artificial Intelligence to Classify Modernist French Poetry (in Eng.)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Ответственный редактор **А. Ботанкызы**

Редакторы: **Д.С. Аленов, Т. Апендиев**

Верстка на компьютере: **Г.Д. Жадырановой**

Подписано в печать 27.02.2026.

46,0 п.л. Заказ 1.